

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 қарашадағы № 782 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жемісті ғылыми, шығармашылық, қоғамдық қызметі, сондай-ақ жоғары спорттық жетістіктері үшін мыналарға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығы берілсін:

"Эстрада" номинациясы бойынша	
Болсанбек Дәрия Оңалғазықызы	– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің студенті
Кенішқалиев Бексұлтан Талғатұлы	– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің студенті
"Классикалық музыка" номинациясы бойынша	
Дүйсембаев Қалқаман Бағдатұлы	– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің оқытушысы
Мүсіргалиева Жібек Қанатқызы	– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің студенті
"Халық шығармашылығы" номинациясы бойынша	
Мұқият Асқар	– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Қазақконцерт" мемлекеттік концерттік ұйымы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының солисі
Түрікпен Күнсұлу Түрікпенқызы	– Қызылорда облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының "Қызылорда облыстық филармониясы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының әртісі
"Әдебиет" номинациясы бойынша	
Шеризатов Арман Манарбекұлы	– "Әдебиет порталы" интернет жобасының қызметкері
"Театр және кино" номинациясы бойынша	
Серіков Әбілмансұр Әбдінасырұлы	– Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының актері
Валиуллиев Жасқайрат	

Сәбитұлы	– "Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет басқармасының Хадиша Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының актері
<b>"Спорт" номинациясы бойынша</b>	
Галышева Юлия Евгеньевна	Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиада комитетінің фристайл бойынша нұсқаушы - спортшысы
Кенжеғалиев Жігер Мәлікұлы	жеңіл атлетика және пауэрлифтинг бойынша паралимпиадалық спортшы, "TSG construction" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндірістік-техникалық бөлімі инженерінің көмекшісі
<b>"Дизайн және бейнелеу өнері" номинациясы бойынша</b>	
Әбішев Ардақ Отанғалиұлы	– зергер, Қазақстан қолөнершілер одағының мүшесі
Тоқтасынова Ақбота Жолдасбекқызы	– "Zeken Moda" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің бас дизайнері
<b>"Журналистика" номинациясы бойынша</b>	
Мыңбаев Рауан Ерұзақұлы	– "Хабар" агенттігі" акционерлік қоғамының "Хабар 24" телеарнасының журналисі
Сартбаева Әсем Бақытқызы	– "Қазақстан" республикалық телерадиокорпорациясы" акционерлік қоғамының Маңғыстау облыстық филиалының жетекші редакторы
<b>"Қоғамдық қызмет" номинациясы бойынша</b>	
Споткай Максим Александрович	– Қазақстан халқы Ассамблеясының "Жаңғыру жолы" республикалық жастар қозғалысының төрағасы
Болысов Тоқтар Коммунарұлы	– "Қазақстан жастарының конгресі" қауымдастығы нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігінің атқарушы директоры
<b>"Ғылым" номинациясы бойынша</b>	
Мұқатаев Жүсіпбек Еркінұлы	– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "М.Ә. Айтқожин атындағы Молекулярлық биология және биохимия институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ғылыми қызметкері
Әшімова Әсем Нұржанқызы	– "Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымының докторанты

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығының 2020 жылға арналған мөлшері әр номинация бойынша 600000 (алты жүз мың) теңге сомасында белгіленсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*